# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2024 жылғы 12қыркүйек №3115-24-00-2/2082 Тараз қаласы

Жамбыл облысы мамандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Г.М.Тажиева қойылған талап қою бойынша азаматтық істі оңайтылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы қалалық перинаталдық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

**ЖАУАПКЕР:**
Жеке кәсіпкер «AIAI» басшысы Карипжанов Алмас Даулетович

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАП ҚОЮЫ:**
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

-
Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексінің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы қалалық перинаталдық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «AIAI» басшысы Карипжанов Алмас Даулетовичты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «AIAI» басшысы Карипжанов Алмас Даулетович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «AIAI» басшысы Карипжанов Алмас Даулетовичтан мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер оңайтылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызын келіп түскені және оның оңайтылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 12.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 22.10.2024, судья Тажиева Г. М., 22.10.2024

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарымын шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья: Г.М.Тажиева

Құжатқа қол қойылған: Тажиева Г. М., 12.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 22.10.2024, судья Тажиева Г. М., 22.10.2024

3115-24-3-1/2174